



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.08.2020 м № 135

Хиуаз ауылы

село Хиуаз

**Орта білім ұйымдарында 2020-2021
оқу жылының басталуын, ұзақтығын
және каникул кезеңдерін айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №340 санды, Атырау облыстық Білім беру басқармасының 2020 жылғы 25 тамыздағы №233 санды, Құрманғазы аудандық білім бөлімінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 379 бұйрықтарын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда басшылыққа алып, орындалуын қамтамасыз етсін:
- 1) Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
- 2) «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығы;
- 5) 10-11 сыныптарға «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығы;

- б) «Жалпы бастауыш білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығы;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №340 «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» бұйрығы жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
 - 2.1 2020-2021 оқу жылының басталуы - 2020 жылғы 1 қыркүйек;
 - 2.2 Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы.
 - 2.3 Оқу жылының барысындағы каникул кезеңдері:
 - 1-11 сыныптарда күзгі каникул 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы каникул – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан – 2021 жылғы 10 қаңтарды аралығында), көктемгі каникул – 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында);
 - 1 сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында);
3. Атырау облыстық Білім беру басқармасының 2020 жылғы 25 тамыздағы №223 «Облыстың жалпы білім беретін оқу орындарында 2020-2021 оқу жылының басталуы туралы» бұйрығы жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
4. Құрманғазы аудандық білім бөлімінің 2020 жылғы 28 тамыз күнгі №379 «Аудандық жалпы білім беретін оқу орындарында 2020-2021 оқу жылының басталуы туралы» бұйрығы жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
5. 2020 -2021 оқу жылының басталуы болып белгіленген 2020 жылғы 1 қыркүйекте кезекші сыныптармен тиісті санитарлық нормаларды сақтай отырып сап түзеулер өткізу және басқа білім алушыларға Білім күнінің алғашқы сабағын онлайн ұйымдастыру тәрбие ісінің орынбасарлары Г.Аташева мен Г.Кайроваға міндеттелсін.
6. Мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы басшылыққа алынсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директорының уақытша
міндетін атқарушы:

А.Каменова